



2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 717-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
қосымша 717

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

2003 жылға арналған 030 "Мемлекеттер басшылары мен жеке лауазымды адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1143334 мың теңге (бір миллиард бір жүз қырық үш миллион үш жүз отыз төрт мың теңге). <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 5 қазанындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" Заңының 1, 2, 21 және 22-баптары, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылдың 3 қаңтарындағы N 2742 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы ереже, Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылдың 9 қарашасындағы N 480қ жарлығы, Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 12 желтоқсанындағы "2003 жылғы республикалық бюджет туралы" Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Президентінің, онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің, сонымен қатар Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы

Заңының 1-2 бабына сәйкес басқа да мемлекеттік лауазымдық тұлғалардың, Қазақстан Республикасының аумағында болған кезде шет ел мемлекеттері мен халықаралық ұйымдар басшыларының (күзетілетін тұлғалар) қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: күзетілетін тұлғалардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күзетілетін адамдар өміріне, денсаулығына, құқына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне және меншігіне қарсы бағытталған қылмыс пен әкімшілік тәртіп бұзушылықты анықтау, олардан сақтандыру және тыйып тастау, күзетілетін тұлғалардың меншігін күзету, қызметтік жайларда және олар болатын басқа жерлерде қоғамдық тәртіппен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, күзетілетін тұлғалар мен күзету объектілеріне төнген қатерлі болжау және анықтау, одан сақтандыру және залалсыздандыру жөніндегі жедел шаралар кешенін жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

!Бағ.!Кіші !Бағдарламаның! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N!дар.!бағд.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама ! асыру ! орындаушылар
!лама!коды ! ламаның) ! ны) іске асыру !мерзімі!
!коды! ! атауы ! жөніндегі ! !
! ! ! ! іс-шаралар ! !

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 030 Мемлекеттер Күзет қызметін Жыл Күзет
басшылары ұстау және мемлекет бойы қызметі
мен жеке басшысы мен басқа
лауазымды да мемлекеттік
тұлғалардың лауазымдық тұлғалар.
қауіпсіздігін дың, сондай-ақ
қамтамасыз Қазақстан Республи.
ету қасының аумағында
болған кезде басқа
мемлекеттердің
күзетілетін тұлғала.
рының қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге
байланысты іс-шара.
лар жүргізу

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекет басшысының және басқа да мемлекеттік лауазымдық тұлғалардың, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының аумағында болған кезде басқа мемлекеттердің күзетілетін тұлғаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ